ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ШИКІЗАТ

Улы элементтердің (кадмийдің, қорғасынның, мыстың және мырыштың) құрамын инверсті-вольтамперметрлік әдіспен анықтау

ҚР СТ ГОСТ Р 51301-2005

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

Алғысөз

1 «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗІЛГЕН**

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2005 жылғы 11 қарашадағы № 392 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3 Осы стандарт Қазақстан Республикасының экономика қажеттіліктерін көрсететін қосымша талаптары мәтінде курсивпен беріліп ГОСТ Р 51301-99 «Тамақ өнімдері және өндірістік шикізат. Улы элементтердің (кадмийдің, қорғасынның, мыстың, мырыштың) құрамын инверсті-вольтамперметрлік әдіспен анықтау» толық түпнұсқалық мәтіні болып табылады

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2010 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толығымен және бірен-сарандап көбейтуге және таратуға болмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар, белгілер және қысқартулар	3
4	Инверсті вольтамперметрлік әдістің маңызы	3
5	Өлшем нәтижесінің қателігін сипаттау	6
6	Өлшемдерді орындауға қойылатын талаптар	8
7	Өлшем құралдары, қосалқы құрал-жабдықтар, ыдыстар, реактивтер, материалдар	8
8	Өлшемдерді орындауға дайындық	11
9	Сынауларды ИВ-өлшемдерге дайындау	16
10	Өлшемдерді жүргізу	20
11	Талдау нәтижелерін өңдеу және рәсімдеу	26
12	Талдау нәтижелерінің дәлдігін бақылау	29
	А қосымшасы (анықтамалық). Библиография	33

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ШИКІЗАТ

Улы элементтердің (кадмийдің, қорғасынның, мыстың және мырыштың) құрамын инверсті-вольтамперметрлік әдіспен анықтау

Енгізілген күні 2006-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт тамақ өнімдері мен өндірістік шикізаттарға таратылады және олардың құрамындағы улы элементтерді (кадмийдің, қорғасынның, мыстың және мырыштың) біркелкі анықтаудың инверсті-вольтамперметрлік әдісін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР СТ 2.1-2000 ҚР МӨЖ. Терминдер және анықтамалар

ҚР СТ 2.10-2000 ҚР МӨЖ. Аттестатталған қоспа. Әзірлеу, аттестациялау және қолдану тәртібі

ҚР СТ 2.18-2003 ҚР МӨЖ. Өлшемдерді орындау әдістері. Әзірлеу, метрологиялық аттестациялау, тіркеу және қолдану тәртібі

ҚР СТ 2.79-2004 ҚР МӨЖ. Шетелдік материалдардың, заттардың құрамы мен қасиетінің стандартты үлгілері. Қолданысқа рұқсат беру тәртібі. Негізгі ережелер

ҚР СТ 1174-2003 ССБТ. Нысандарды қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету

ГОСТ 8.024-2002 МӨЖ. Тығыздықтың өлшем құралдарына арналған мемлекеттік салыстырып тексеру сұлбасы

ГОСТ 8.025-96 Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Сұйықтықтар жабысқақтығының өлшем құралдарына арналған мемлекеттік салыстырып тексеру сұлбасы

ГОСТ 8.395-80 Өлшемді салыстырып тексеру барысындағы қарапайым шарттар. Жалпы талаптар

ГОСТ 12.1.004-91 ССБТ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар

ГОСТ 12.1.005-91 ССБТ. Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлы-тазалық талаптары

ГОСТ 12.1.009-83 ССБТ. Нысандарды қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету

ГОСТ 12.1.019-79 ССБТ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар және қорғаныс түрлерінің номенклатурасы

ГОСТ 976-81 Маргарин, кондитерлік майлар, наубайханалық және аспаздық. Қабылдау тәртібі және сынау әдістері

ГОСТ 1770-74 Зертханалық, шыныдан жасалған өлшегіш ыдыс. Цилиндрлер, мензуркалар, шыны сауыттар, шыны түтіктер. Техникалық шарттар

ГОСТ 2156-76 Қос көмірқышқылды натрий. Техникалық шарттар

ГОСТ 2405-88 Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, қысым өлшегіш, тарту күшін өлшегіш және тарту күші мен қысым өлшегіш. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 3118-77 Реактивтер. Тұз қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 4165-78 Реактивтер. 5-сулы күкірт қышқылды мыс (II). Техникалық шарттар

ГОСТ 4174-77 Реактивтер. 7-сулы күкірт қышқылды мырыш. Техникалық шарттар

ГОСТ 4204-77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 4212-76 Реактивтер. Колориметриялық және нефелометриялық талдауды жүргізу үшін ерітінділерді дайындау әдісі

ГОСТ 4236-77 Реактивтер. Азотқышқылды қорғасын (II). Техникалық шарттар

ГОСТ 4328-77 Реактивтер. Натрий гидрототығы. Техникалық шарттар

ГОСТ 4456-75 Реактивтер. Күкірт қышқылды кадмий. Техникалық шарттар

ГОСТ 4461-77 Реактивтер. Азот қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 4520-78 Реактивтер. 1-сулы азот қышқылды сынап. Техникалық шарттар

ГОСТ 4658-73 Сынап. Техникалық шарттар

ГОСТ 5072-79 Метал секунд өлшеуіштер. Техникалық шарттар

ГОСТ 5471-83 Өсімдік майлары. Қабылдау ережелері және сынақтарды іріктеу әдісі

ГОСТ 5667-65 Нан өнімдері. Қабылдау ережелері, үлгілерді іріктеу әдістері, органолептикалық көрсеткіштер мен бұйымдар массасын анықтау әдістері

ГОСТ 5848-73 Реактивтер. Құмырсқа қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 6709-72 Тазартылған су. Техникалық шарттар

ГОСТ 7269-79 Ет. Үлгілерді іріктеу әдісі және жаңалығын анықтаудың органолептикалық әдісі

ГОСТ 7631-85 Балық, теңіз сүткоректілері, теңіз омыртқасыздары және өңделген өнімдер. Қабылдау ережелері, сапаны бағалаудың органолептикалық әдістері. Зертханалық сынақтар үшін сынақтарды іріктеу әдістері

ГОСТ 7702.0-74 Құс еті. Үлгілерді іріктеу әдістері. Сапаны бағалаудың органолептикалық әдістері

ГОСТ 9293-74 (ИСО 2435-73) Газ түріндегі және сұйық азот. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9736-91 Электр емес шамаларды өлшеуге арналған тура түрленудегі электрлік аспаптар. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері

ГОСТ 9792-73 Шұжық бұйымдары, шошқа, қой, сиыр және басқа да жануарлар мен құстар еттерінің өнімдері. Қабылдау әдістері және сынақтарды іріктеу әдістері

ГОСТ 10054-82 Әшекейленген, қағаздан жасалған су өткізбейтін тері. Техникалық шарттар

ГОСТ 10929-76 Реактивтер. Сутекті пероксидтеу. Техникалық шарттар

ГОСТ 11125-84 Ерекше таза азот қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 12026-76 Зертханалық сүзгіш қағаздар. Техникалық шарттар

ГОСТ 13586.3-83 Астық. Қабылдау әдістері және сынақтарды іріктеу әдістері

ГОСТ 13861-89 (ИСО 2503-83) Газоплазмалық өңдеуге арналған редукторлар. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 14261-77 Ерекше таза тұз қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 14262-78 Ерекше таза күкірт қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 14849-89 Макарон бұйымдары. Қабылдау әдістері және сапаны анықтау әдістері

ГОСТ 14919-83 Тұрмыстық электрлік плиталар, электрлік плиталар және қуыратын электрлік шкафтар. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 17435-72 Сызуға арналған сызғыштар. Техникалық шарттар

ГОСТ 17792-72 2-дәрежелі үлгілі қанықкан хлор күмісті салыстыру электроды

ГОСТ 18300-87 Тазартылған техникалық этил спирті. Техникалық шарттар

ГОСТ 19908-90 Тигельдер, тостағаншалар, стақандар, шыны сауыттар, май құйғыштар, шыны түтіктер және мөлдір кварцті шынының ұштықтары. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 20490-75 Реактивтер. Марганец қышқылды калий. Техникалық шарттар

ГОСТ 21400-75 Химия-зертханалық шыны. Техникалық талаптар. Сынау әдістері

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразы. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 25336-82 Шыныдан жасалған зертханалық ыдыстар мен құрал-жабдықтар. Типтер, негізгі параметрлер және көлемдер

ГОСТ 26809-86 Сүт және сүт өнімдері. Қабылдау ережелері, іріктеу және сынақтарды талдауға дайындау әдістері

ГОСТ 26929-94 Шикізат және тамақ өнімдері. Сынауларды дайындау. Улы элементтердің құрамын анықтау үшін минералдау

ГОСТ 27668-88 Ұн және кебек. Қабылдау және сынақтарды іріктеу әдістері

ГОСТ 28165-89 Шыныдан жасалған зертханалық аспаптар мен аппараттар. Су тазартушылар. Буландырғыштар. Тазартқыш қондырғылар. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 29225-91 (ИСО 1775-75) Зертханалық фарфорлы ыдыстар мен құрал-жабдықтар. Жалпы талаптар және сынау әдістері

ГОСТ 29227-91 (ИСО 835-1-81) Зертханалық шыны ыдыстар. Бөліктенген пипеткалар. 1 бөлім. Жалпы талаптар

ГОСТ 29228-91 (ИСО 835-2-81) Зертханалық шыны ыдыстар. Бөліктенген пипеткалар. 2 бөлім. Күту уақыты белгіленбеген бөліктенген пипеткалар

ГОСТ 30004.2-93 Майонездер. Қабылдау ережелері және сынау әдістері

3 Анықтамалар, белгілер және қысқартулар

3.1 Осы стандарта пайдаланылған терминдер ҚР СТ 2.1 және ҚР СТ 2.18 сәйкес.

3.2 Осы стандартта келесі қысқартулар мен белгілер қолданылады:

ИВ - инверсті-вольтамперметрлік әдіс немесе инверсті вольтамперметр;

АҚ – аттестатталған қоспа;

ВА – вольтамперограмма ;

УК – ультракүлгін (сәуле түсіру);

МСҮ – мемлекеттік стандарттық үлгі;

МХТ – мөлшерлік химиялық талдау.

4 Инверсті вольтамперметрлік әдістің маңызы

Тамақ өнімдері мен өндіріс шикізатының құрамындағы улы элементтерді сынаудың сандық химиялық талдауы (СХТ), дайын сынақ ерітіндісіндегі элементтердің (кадмийдің, қорғасынның, мыстың және мырыштың) жалпы топталуын инверсті-вольтамперметрлік (ИВ) әдіспен анықтауға негізделген.

ИВ әдісімен сынақтарды талдаудың жалпы сұлбасы 1 суретте келтірілген.

Сынақтарды ИВ-өлшеміне дайындау әдісі осы стандарттың 9 тарауында көрсетілген. Талдау нысандары шартты түрлерге бөлінген: 1 – «қатты».тағамдар; 2 – сүт және сүт өнімдері; 3 – алкогольды және алкогольсыз сусындар.

ИВ-өлшемнің әдісі, шекті диффузиялы токтың берілген потенциалындағы талданатын ерітіндіден, индикаторлы электродта элементтердің электрохимиялық тұну қасиетіне негізделіп, одан кейін әр элементке тән нақты потенциалдағы анодтық поляризация үрдісінде еріп кетеді. Индикаторлы электродтағы элементтердің электрлік тұну үрдісі, электролиздің уақыт ағымындағы электролиздің берілген потенциалында жүреді. Электрод бетіндегі элементтердің электрлік еруі, берілген аспаптың сезгіштігіндегі ауыспалы потенциалдық тәртіптемеде (сызықтық және басқа) жүреді.

Тіркелетін вольтамперограмма анықталатын элементтердің аналитикалық дабылын (максималды анодтық токтар) құрайды. Элементтің аналитикалық дабылы, пропорционалды тікелей анықталатын элементтің концентрациясына тәуелді. Сынаудағы ерітіндідегі элементтердің жалпы концентрациясын АС анықталатын элементтердің аттестатталған қоспасын қосу әдісі бойынша анықтайды.



1 сурет – Инверсті вольтамперметрлік әдіспен сынауларды талдау сұлбасы

Элементтердің жалпы концентрациясын анықтау диапазондары және нақты мөлшер шамалары немесе тамақ өнімдері мен өндірістік шикізаттардың түрлі сынауларына арналған көлемдер 1 кестеде келтірілген. Егер сынаудағы элементтердің құрамы концентрацияларды анықтау

диапазонының жоғарғы шетінен асып кеткенде, ИВ-өлшемге дайындалған сынауды қосуға немесе дайындалған ИВ-өлшеміне арналған аликвотаны аз алуға болады.

1 кесте – Элементтердің концентрациясын анықтау диапазоны және тамақ өнімдері мен өндірістік шикізаттардың түрлеріне арналған сынаулардың нақты мөлшер шамасы (көлемдер)

Нысан тобы	Талдау нысаны	Нақты мөлшер, г немесе көлем, $см^3$			Элемент	Элементтің жалпы концентрациясын анықтау диапазоны, мг/кг немесе $мг/дм^3$		
		әдіс				әдіс		
		I	II	III		I	II	III
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Жемістер, көкөністер және олардың өңделген өнімдері	1 - 2	5	5	Cd	0,05 - 50	0,01 - 5,0	0,002-5,0
	Ет, балық, жұмыртқа және олардың өңделген өнімдері	1 - 2	5	4-5	Pb	0,04 - 10	0,02 - 5,0	0,02 - 50
	Ұн, жарма, астық және олардың өңделген өнімдері	2 - 4	5	2	Cu	0,05 - 30	0,2 - 100	0,6 - 200
	Нан, және кондитерлік бұйымдар	2 - 4	5	5	Zn	1,0 - 100	2,5 - 250	1,0 - 400
	Шәй, кофе, какао	2 - 4	5	5				
2	Сүт және сүт өнімдері	1 - 2	5	4	Cd	0,005-1,5	0,01 - 5,0	0,002-5,0
					Pb	0,02 - 2,0	0,02 - 5,0	0,02 - 50
					Cu	0,1 - 15	0,2 -100	0,6 - 200
					Zn	0,2 - 50	2,5 -250	1,0 - 400
3	Алкогольды және алкогольсіз сусындар	0,5 - 2	25	5	Cd	0,001-0,02	0,002-1,0	0,002-5,0
					Pb	0,004 - 0,2	0,004-1,0	0,02 - 50
					Cu	0,002 - 2,0	0,04 - 20	0,6 - 200
					Zn	0,01 - 20	0,5 - 50	1,0 - 400

5 Өлшем нәтижесінің қателігін сипаттау

Тамақ өнімдері және өндірістік шикізаттарының ИВ әдістері сынауындағы улы элементтердің (кадмийдің, қорғасынның, мыстың және мырыштың) құрамын анықтау нәтижелерінің салыстырмалы қателігінің шегі 2 кестеде келтірілген.

Өлшемді тура талдау әдісіне сәйкес жүргізу және регламенттелетін барлық шарттарды қадағалауда, Р= 0,95 сенімділік мүмкіндігіндегі элементтердің концентрациясын анықтайтын барлық диапазондар үшін талдау нәтижесінің салыстырмалы қателігі 2 кестеде келтірілген белгілерден аспауы керек.

2 кесте – Нысандар тобы үшін сенімділік мүмкіндігіндегі талдаудың әр нәтижесі үшін (*X*, мг/кг немесе мг/дм^3) оны құрайтын және салыстырмалы қателік сипаттамаларының белгілері

Сынақ ты дайын дау әдісі	Нысан тобы	Элемент атауы және анықтау концентрацияларының диапазоны мг/кг (мг/дм^3)	Оны құрайтын қателіктердің салыстырмалы белгілері, %		
			$\pm\delta$	$\overset{\circ}{\sigma}(\delta)$	$\pm\delta_c$
I	1	Кадмий 0,05 тен 50 ге қосылған	32	15	12
		Қорғасын 0,04 тен 10 ға қосылған	35	17	10
		Мыс 0,05 тен 30 ға қосылған	38	18	13
		Мырыш 1,0 ден 100 ге қосылған	33	16	10
	2	Кадмий 0,005 тен 1,5 ке қосылған	32	15	12
		Қорғасын 0,02 ден 2,0 ге	40	20	10
		Мыс 0,1 ден 1,5 ке қосылған.	31	15	10
		Мырыш 0,2 ден 50 ге қосылған.	29	14	10
	3	Кадмий 0,001 ден 0,02 ге	37	18	10
		Қорғасын 0,004 тен 0,2 ге	29	14	10
		Мыс 0,002 ден 2,0 ге қосылған	30	14	12
		Мырыш 0,01 ден 20 ға қосылған	35	17	10
II	1, 2, 3	Кадмий 0,002 ден 5,0 ге қосылған	42	20	16
		Қорғасын 0,004 тен 5,0 ге	49	23	19
		Мыс 0,04 тен 100 ге қосылған	38	17	18
		Мырыш 0,5 тен 250 ге қосылған	30	14	12
III	1, 2, 3	Кадмий 0,002 ден 5,0 ге қосылған	47	22	18
		Қорғасын 0,02 ден 50 ге қосылған	43	20	18
		Мыс 0,6 дан 200 ге қосылған	39	18	16
		Мырыш 1,0 ден 400 ге қосылған	42	19	20

Ескертулер:

1 $\pm\delta$ - салыстырмалы қателіктің сипаттамасы, яғни, салыстырмалы қателіктің берілген мүмкіндікпен орналасқан аралық шекарасы

2 $\overset{\circ}{\sigma}(\delta)$ - салыстырмалы қателікті кездейсоқ құрайтын сипаттама, қателікті кездейсоқ құрайтын орта квадраттық ауытқу;

3 $\pm\delta_c$ - салыстырмалы қателікті жүйелі құрайтын, яғни салыстырмалы қателікті құраушының берілген мүмкіндікпен орналасқан шекарасы.

6 Өлшемдерді орындауға қойылатын талаптар

6.1 Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу шарттары

6.1.1 Талдауларды орындау кезінде, ГОСТ 12.1.005. бойынша химиялық реактивтермен жұмыс істегенде техника қауіпсіздігінің талаптарын қадағалау қажет.

6.1.2 ГОСТ 12.1.019. бойынша электр қондырғыларымен жұмыс істегендегі электр қауіпсіздігі.

6.1.3 Зертхана кеңсесі, ГОСТ 12.1.004 бойынша өрт қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес болуы қажет және ГОСТ 12.4.009 және ҚР СТ 1174.бойынша өрт сөндіру құралдары болуы керек.

6.2 Операторлардың біліктілігіне қойылатын талаптар:

Өлшемдерді, вольтамперметрлік талдаудың техникасын игерген және қолданатын аппаратураны пайдалану бойынша нұсқауды зерттеген химик-аналитик жүргізуі қажет.

6.3 Өлшемдерді орындау шарттары

Өлшемдерді, ГОСТ 8.395 бойынша қарапайым зертханалық жағдайда жүргізеді:

- Қоршаған ауаның температурасы (25±10) °С;
- Атмосфералық қысым (97±10) кПа;
- Салыстырмалы ылғалдылық (65±15) %;
- Ауыспалы токтың жиілігі (50±5) Гц;
- Жүйедегі кернеу (220±10) В.

7 Өлшем құралдары, қосалқы құрал-жабдықтар, ыдыстар, реактивтер және материалдар

Өлшемдерді орындау және сандық химиялық талдауларды жүргізуде келесі өлшем құралдары, қосымша жабдықтар, ыдыстар, материалдар мен реактивтер қолданылады:

7.1 Өлшем құралдары және қосымша жабдықтар

7.1.1 Вольтамперметрлік талдауыш АВА-1, АВА-2, ТА-1, ТА-2, ХАН-2 [12].

7.1.2 Электролитикалық ұяшық, құрамына кіретіндер:

- (15-20) $см^3$ сыйымдылықты кварцті шыныдан жасалған ауысымды стақаншалар-электролиздер;
- индикаторлы электрод: сынап қабыршағының (10-20) мкм қалыңдығымен және (0,03 - 0,2) $см^3$ жұмыс үсті, күміс қасықтағы сынапты-қабыршақты немесе графиткұрамды, көмірситалды электрод немесе айналмалы дискті шыны көміртекті электрод;
- салыстыру электроды: 3,0 кОм көп емес қарсыласу хлоркүмісі немесе ГОСТ 17792 бойынша 2 дәрежелі эталонды қаныққан хлоркүміс;

- қосымша электрод: диаметрі 0,2 - 0,5 см шыны көміртегіден жасалған серіппе немесе электролизер қызметін атқаратын, сыйымдылығы50 $см^3$ [1] шынықөміртекті тигель.

7.1.3 ГОСТ 2405 (I әдіс) бойынша (25,0±0,1) МПа манометрлі ГОСТ 13861 бойынша редуктор немесе магнитті араластырғыш (II әдіс).

7.1.4 ±0,2 мг көп емес таразылау қателігі бар ГОСТ 24104 бойынша зертханалық таразылар.

7.1.5 Инертті газды ұяшыққа жеткізуге арналған полиэтиленді немесе резиналы шлангтар (I әдіс).

7.1.6 ГОСТ 14919 бойынша жабық серіппелі электрлік плитка.

7.1.7 ±5 °С қателікпен берілген температураны 40 тан 150 °С дейін ұстап отыруды қамтамасыз ететін кептіргіш шкаф.

7.1.8 ГОСТ 9736 бойынша ПМ-8 немесе МР-64-02-15 типті муфельді пеш немесе ±25 °С қателікпен 150 ден 600 °С дейін ұстап отыруды қамтамасыз ететін камералы зертхана, қарсыласу электрлік пеші.

7.1.9 ОПн-8 маркалы зертханалық центрифуга.

7.1.10 ГОСТ 28165 немесе [2] бойынша суды бидистиляциялауға арналған аппарат.

7.1.11 ГОСТ 29225 (П әдіс) бойынша 100,0 $см^3$ сыйымдылықты N3 буландыру шыны аяғы.

7.1.12 Тигелді қысқаштар [3].

7.1.13 ГОСТ 17435 бойынша өлшегіш сызатын сызғыш.

7.1.14 Масштабты-координатты қағаз..

7.1.15 Универсалды индикаторлы қағаз.

7.2 Ыдыстар

7.2.1 ГОСТ 29227 немесе ГОСТ 29228 бойынша 0,5; 1,0; 2,0; 5,0; 10,0 $см^3$ нақты сыйымдылықты 2-дәрежелі зертханалық шыныдан жасалған өлшегіш пипеткалар.

7.2.2 ГОСТ 1770 бойынша 2-дәрежелі дәлдікті тығыз тығынды зертханалық шыныдан жасалған өлшегіш ыдыстар: 25,0, 50,0; 100,0, 500 және 1000 $см^3$ сыйымдылықты құймалы шыны сауыт; 50,0, 10,0 $см^3$ сыйымдылықты цилиндрлер және 10,0; 15,0 $см^3$ сыйымдылықты өлшегіш шыны түтікшелер.

7.2.3 ГОСТ 29225 бойынша 20-30 $см^3$ сыйымдылықты, зертханалық фарфорлы тостағаншалар мен тигельдер немесе 20 - 50 $см^3$ ГОСТ 19908 бойынша 20 - 50 $см^3$ сыйымдылықты, кварцті тостағаншалар мен тигельдер.

7.2.4 ГОСТ 21400 бойынша шыны таяқшалар.

7.2.5 ГОСТ 25336 бойынша эксикатор.

7.2.6 ГОСТ 8.024, ГОСТ 8.025 бойынша салыстырып тексеру сұйықтығы

7.2.7 Аттестатталған қоспалар:

- АС-27 (аттестатталатын белгілер қателігімен0,003 мг/$см^3$)

- АС-28 (аттестатталатын белгілер қателігімен0,001 мг/см^3)
- АС-29 (аттестатталатын белгілер қателігімен0,003 мг/см^3)
- АС-31 (аттестатталатын белгілер қателігімен0,003 мг/см^3)

7.3 Реактивтер мен материалдар

7.3.1 Р = 0,95-тегі 1 % сыйымдылықтан көп емес қателікті мырыш, кадмий, қорғасын және мыс иондарының сулы ерітіндісі құрамының мемлекеттік стандарттар үлгісі. Стандартты үлгідегі элемент концентрациясы 0,1 мг/см^3 аз емес, 10,0 мг/см^3 көп болмауы керек.

7.3.2 ГОСТ 4174 бойынша 7-сулы күкірт қышқылды мырыш.

7.3.3 ГОСТ 4456 бойынша 8/3-сулы күкірт қышқылды кадмий.

7.3.4 ГОСТ 4236 азот қышқылды қорғасын.

7.3.5 ГОСТ 4165 бойынша 5-сулы күкірт қышқылды мыс.

7.3.6 ГОСТ 14262 ө.т. немесе ГОСТ 4204 х.т.бойынша концентрацияланған күкірт қышқылы

7.3.7 ГОСТ 5848 х.т. (әдіс I) бойынша құмырсқа қышқылы.

7.3.8 ГОСТ 14261 ө.т. немесе ГОСТ 3118 х.т бойынша тұз қышқылы.

7.3.9 ГОСТ 11125 ө.т. немесе ГОСТ 4461 х.т бойынша азот қышқылы.

7.3.10 Хлор қышқылы х.т. [4].

7.3.11 ГОСТ 10929 бойынша сутек пероксиді.

7.3.12 ГОСТ 4328 х.т. бойынша натрий гидрототығы.

7.3.13 ГОСТ 2156-76 натрий қос тотығы.

7.3.14 ГОСТ 4520 х.т. (әдіс II) бойынша $Hg(NO_3)_2 \cdot H_2O$ 1-сулы азот қышқылды сынап.

7.3.15 [5] (II әдіс) 3-сулы сірке қышқылды натрий .

7.3.16 ($Ga(NO_3)_3 \cdot 8H_2O$ [6] ө.т. 8-сулы азот қышқылды галий, немесе металл галий [7] (II әдіс).

7.3.17 ГОСТ 6709 бойынша тазартылған су, күкірт қышқылының қатысуымен қосымша айдалынып әкелінген (1,0 дм^3 суға 0,5 см^3 концентрацияланған күкірт қышқылы және 3,0 см^3 3%-ды марганец қышқылды калий ерітіндісі) – екі рет тазартылған су.

7.3.18 ГОСТ 20490 бойынша марганец қышқылды калий.

7.3.19 ГОСТ 4658 (I әдіс) бойынша металл сынап.

7.3.20 ГОСТ 9293 ө.т. бойынша газ түріндегі азот немесе 0,03 % (I әдіс) көп емес сутектің жалпы үлестік инертті газы .

7.3.21 Калий хлориді ө.т. [8].

7.3.22 ГОСТ 18300 (II әдіс) бойынша жоғары тазалаудағы этил спирті.

7.3.23 pH 1-14 индикаторлы универсалды қағаз.

7.3.24 ГОСТ 12026 бойынша сүзгіш қағаздар немесе күлденбеген сүзгіштер (көк лента) [9].

7.3.25 ГОСТ 10054 бойынша 40 мкм (М 40) түйіршікті, су өткізбейтін, қағаз, әшекейленген тері.

7.3.26 20 - 28 мкм (ЛМ 28/20) [10] бойынша түйіршікті, эльборлы, мата,

әшекейленген тері.

7.3.27 2-3 мкм (ЛМЗ/2) [11] түйіршіктелген алмазды, мата, әшекейленген тері.

Барлық реактивтер ө.т. немесе х.т. дәрежелі болуы керек.

Осы стандарттағы көрсетілген талдау нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ететін басқа да өлшем құралдарын, қосалқы құрал-жабдықтар, ыдыстар, материалдар, реактивтерді қолдану мүмкін.

8 Өлшемдерді орындауға дайындық

8.1 Сынауларды іріктеу

Талдауға тамақ өнімдері мен өндірістік шикізаттарды іріктеуді, стандарттарға сәйкес немесе тамақ өнімдері мен өндірістік шикізаттардың нақты типтері мен түрлерінің сынауларын іріктеуді регламенттейтін басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізеді:

- ГОСТ 26809 – сүт және сүт өнімдерінің сынауларын іріктеу;
- ГОСТ 13586.3, ГОСТ 27668 – астық және оның өңделген өнімдерінің сынаулары;
- ГОСТ 5667 – нан және ұн тағамдарынан жасалған бұйымдар сынауы;
- ГОСТ 14849 – макарон бұйымдар сынауы;
- ГОСТ 976 – маргарин, май және өңделген өнімдер сынаулары;
- ГОСТ 7269; ГОСТ 9792; ГОСТ 7702.0 т.б. – ет және ет өнімдер сынауы;
- ГОСТ 7631 т.б. – балық және оның өңделген өнімдерінің сынаулары;
- ГОСТ 5471 - өсімдік майлары сынаулары;
- ГОСТ 30004.2 – майонездер және т.б. сынаулар

8.2 Аспаптар мен электродтарды жұмысқа дайындау

Полярографты, вольтамперметрлік талдауышты, өздігінен жазатынды, сандық вольтметрді немесе компьютерді тексеру мен дайындауды, сәйкес аспапты техникалық сипаттау және пайдалану бойынша нұсқамаға сәйкес жүргізеді.

Электродтарды дайындауды 8.5.тарауға сәйкес жүргізеді.

8.3 Зертханалық ыдысты дайындау

8.3.1 Химиялық зертханалық шыны ыдысты, мөлшерлегіштердің ауысымдағы ұштықтарын, пипеткаларды және т.б. екі әдістің біреуімен дайындайды:

а) натрийдің қоскөмірқышқылының 10 % ерітіндісімен шаяды, одан соң азот қышқылымен және екі рет тазартылған сумен шаяды. Кварцті стақандарды қосымша, 5-10 минутқа қосылған күкірт қышқылында (1:1) қайнатады және 5-10 минутқа 500 - 600 °С температуралы муфелді пеште теседі. Ауысымды кварцті стақаншаларды эксикаторда сақтайды.

б) Химиялық шыны ыдысты, бірнеше сағат ішінде натрий

гидрототығының 10% сулы ерітіндісімен майсыздандырады және екі рет тазартылған сумен шаяды. Азот қышқылының 1,0 моль/дм^3 жалпы концентрациялық ерітіндісінде жуады және екі рет тазартылған сумен шаяды. Одан соң ыдысты концентрацияланған күкірт қышқылымен өңдеп, екі рет тазартылған сумен жуады.

Шыны стақанды (электролизер) талдауды жүргізіп болғаннан кейін концентрацияланған күкірт қышқылымен өңдейді және екі рет тазартылған сумен жуады. Шыны стақан (электролизер) мен электродтарды (индикаторлы, қосалқы, салыстыру) қолданар алдында екі рет тазартылған сумен шаяды, 0,1 моль/дм^3 жалпы концентрациялы тұз қышқылының ерітіндісінде 2-3 минуттай ұстап тұрады, одан кейін екі рет тазартылған сумен тағы да шаяды.

8.3.2 Фарфорлы тигелдерді жәй жуғаннан кейін азот қышқылының ыстық ерітіндісінде өңдейді, одан кейін ағында сумен жуады және бірнеше рет тазартылған сумен шаяды, артынан екі рет тазартылған сумен шаяды..

8.4 Ерітінділерді дайындау

8.4.1 Фонды ерітінділерді дайындау

ИВ-өлшемдерінің түрлі әдістерінде фонды ерітінді ретінде (10 тарауға сәйкес) түрлі электролиттерді қолданады. Фонды ерітінділер 6 ай аралығында тұрақты. Оларды мына әдістердің біреуімен дайындайды:

8.4.1.1 9.1 бойынша 1 әдіспен сынауларды дайындауды және ИВ-өлшемдерін индикаторлы сынапты-қабыршақты электродпен жүргізуде (10.1 бойынша I әдіс).

Құмырсқа қышқылының ерітіндісі (ультракүлгінді (УК) сынауларға сәуле түсіру анализаторларын қолдану арқылы) тікелей ИВ-өлшемдерін жүргізу үрдісінде дайындалады. Бұл үшін, ИВ-өлшемдері үшін кварцті стақандарға 10,0 см^3 екі рет тазартылған суды және (0,04 - 0,10) см^3 концентрацияланған құмырсқа қышқылын орналастырады.

0,1 моль/дм^3 жалпы концентрациялы калий хлоридінің ерітіндісі (сүт және сүт өнімдері сынауларын талдау үшін)

Аналитикалық таразыда (0,746±0,001) г калий хлоридінің нақты мөлшерін алады, 100,0 см^3 сыйымдылықты өлшегіш шыны сауыттарға ауыстырады және ерітінді көлемін тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді.

0,1 моль/дм^3 жалпы концентрациялы калий хлоридінің ерітіндісі (қатты тағамдардың сынауларын талдау үшін)

100,0 см^3 сыйымдылықты өлшегіш шыны сауытқа 1,0 см^3 концентрацияланған тұз қышқылын (ө.т.) салады және ерітінді көлемін екі рет тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді.

8.4.1.2 9.2 бойынша II әдіспен сынауларды дайындауды жүргізу барысында және индикаторлы графиткұрамды электродты ИВ-өлшемдер (10.2 бойынша II әдіс).

3,5 моль/дм^3 жалпы концентрациялы хлорлы натрий ерітіндісі,

тұзқышқылы

100,0 $см^3$ сыйымдылықты шыны сауытқа өлшегіш цилиндр немесе бюретканың көмегімен 7,5 моль/$дм^3$ жалпы концентрациялы натрий гидрототығының 47,0 $см^3$ ерітіндісін, 1,19 г/$см^3$ тығыздықты 28,0 $см^3$ конценрацияланған тұз қышқылын (ө.т) және 20,0 $см^3$ екі рет тазартылған суды құяды. Ерітіндіні араластырады. Алынған ерітіндіні pH өлшейді және оның қышқылдығын pH=(5±1) дейін жеткізеді. Ерітінді көлемін екі рет тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді.

Тұз қышқылды хлорлы натрий ерітіндісі: тұз қышқылы бойынша 0,04 моль/$дм^3$ және хлорлы натрий бойынша 0,14 моль/$дм^3$.

500,0 $см^3$ сыйымдылықты шыны сауытқа пипеткалар мен бюреткалардың көмегімен 1,0 моль/$дм^3$ жалпы концентрациялы 20,0 $см^3$ тұз қышқылының ерітіндісін (ө.т.) және 3,5 моль/$дм^3$.жалпы концентрациялы 20,0 $см^3$ хлорлы натрийдің тұз қышқылды ерітіндісін салады. Ерітінді көлемін шыны сауыттағы екі рет тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді.

1,0 мг/$см^3$.сынап ионының жалпы концентрациялы азот қышқылды сынаптың ерітіндісі.

Аналитикалық таразыларда, (0,1708±0,0002) г азотқышқылды сынапты химиялық стақанда таразылайды, 0,2 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылын жабыстырады және мөлшерлеп,100,0 $см^3$ сыйымдылықты өлшегіш шыны сауытқа ауыстырады. Ерітінді көлемін екі рет тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді. Азот қышқылды сынап ерітіндісі 3 ай тұрақты.

8.4.1.3 9.3 бойынша III әдіспен сынау дайындауды жүргізуде және индикаторлы айналмалы дискті шыны көміртекті электродтың немесе ситалл электродының ИВ-өлшемдері (10.3 бойынша III әдісі).

Хлорлы калий ерітіндісі және азот қышқылды сынаптың тұз қышқылы: калий хлориді бойынша 3,3 моль/$дм^3$, азот қышқылды сынап бойынша 0,0005 моль/$дм^3$ және тұз қышқылы бойынша 0,005 моль/$дм^3$.

Аналитикалық таразыда (0,0428±0,0002) г азот қышқылды сынапты таразылайды, мөлшерлеп, 250,0 $см^3$ сыйымдылықты өлшегіш шыны сауытқа ауыстырады, пипетканың көмегімен 1,0 моль/$дм^3$,концентрациялы 10,0 $см^3$ тұз қышқылын (ө.т.), калий хлоридінің қанықкан ерітіндісімен белгіге дейін жеткізеді. Ерітіндіні мұқият араластырады.

8.4.2 Сынаудағы элементтер құрамын бағалау үшін қолданылатын аттестатталған қоспалар (АҚ).

8.4.3 Қосымша және қосалқы ерітінділер

8.4.3.1 100,0 мг/$дм^3$ құрамды мырыштың, кадмийдің, қорғасынның, мыстың аттестатталған қоспаларын (АҚ-0), мына әдістердің біреуімен дайындау керек:

а) 1,0 г/$дм^3$ аттестатталған элементтердің концентрациясымен ерітінді құрамды мемлекеттік стандарттық үлгілерден даярлайды:

- 50,0 $см^3$ сыйымдылықты өлшегіш шыны сауыттарға, өлшегіш

пипетканың көмегімен 5,0 $см^3$ стандартты үлгідегі мыс, кадмий, қорғасын және мырыш құрамын енгізеді (әр металды жеке сауыттарға) және көлемді екі рет тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді.

Стандартты үлгілерді қолдану бойынша нұсқаманы пайдалану қажет.

б) ГОСТ 4212 бойынша тұздардан металдарды дайындау (стандартты үлгілер жоқта): - аналитикалық таразыларда, 3 кестеде келтірілгендей сәйкес тұздардың нақты мөлшерін нақты 0,0002 г дейін таразылайды. 1000 $см^3$ сыйымдылықты өлшегіш шыны сауыттарға сәйкес металдардың нақты мөлшердегі тұздарын мөлшерлеп ауыстырады; өлшегіш пипетканың көмегімен, 3 кестеде келтірілген қажет концентрацияланған қышқылдың шамамен 300 $см^3$ екі рет тазартылған суды енгізеді, металл тұзының нақты мөлшерін ерітеді; шыны сауыттағы ерітінділерді екі рет тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді.

Мыс, кадмий, қорғасын, мырыш АС-0 иондарын дайындау қателігі 2 %, сыйымд. аспайды.

АС-0 барлық элементтер үшін 6 ай аралығында тұрақты.

8.4.2.2 10,0; 1,0 және 0,1 мг/$дм^3$ бойынша құрамды әр элементті АС-1, АС-2, АС-3 аттестатталған қоспаны, 4 кестеге сәйкес 0,01 моль/$дм^3$ жалпы концентрациялы 50,0 $см^3$ сыйымдылықты өлшегіш колбалардағы тұз қышқылын (ө.т.) қосып даярлайды

ҚР СТ 2.10 сәйкес дайындау процедурасы бойынша аттестатталған қоспалардың қателігін белгілейді.

8.4.3 Қосымша және қосалқы ерітінділер

8.4.3.1 Галлий ионының ерітіндісін (III) 1,0 мг/$см^3$ (II әдіс) мына әдістердің біреуімен дайындауға болады:

а) Аналитикалық таразыларда химиялық стақандармен (0,1430 ± 0,0002) г азот қышқылды галийді таразылайды және 10,0 $см^3$ араластырылған (1:10) азот қышқылында ерітеді. Алынған ерітіндіні 25,0 $см^3$.сыйымдылықты шыны сауытқа ауыстырады Ерітінді көлемін ерітілген азот қышқылымен (1:10) белгіге дейін жеткізеді.

б) Аналитикалық таразыларда химиялық стақандармен (0,100 ± 0,002) г ұнтақталған металдық галлийді таразылайды және (1:1) қосылған 4,0 $см^3$ тұз қышқылында ерітеді. Концентрацияланған азот қышқылының бірнеше тамшысын қосады және ылғалды тұзға дейін екі рет буландырады. Алынған концентратты 4,0 $см^3$ концентрацияланған тұз қышқылында ерітеді. Алынған ерітіндіні мөлшерлеп, 100,0 $см^3$ сыйымдылықты, жартылай екі рет тазартылған сумен толтырылған шыны сауытқа ауыстырады. Ерітінді көлемін екі рет тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді.

Галлий ионының ерітіндісін 1,0 мг/$см^3$ 3 ай сақтайды.

8.4.3.2 0,1; 0,01 және 0,001 мг/$см^3$ (II әдіс) жалпы концентрациялы галлий ионының ерітіндісін әрі қарай 10, 100 және 1000 рет галлий ерітіндісінің (III) 1,0 мг/$см^3$ жалпы концентрациялы екі рет тазартылған

сумен ерітілуімен дайындалады..

Галлий ионының ерітіндісі 0,1 және 0,01 мг/см^3 3 күн сақталады.

Галлий ионының ерітіндісі 0,001 мг/см^3 1 күн сақталады.

8.4.3.3 Х.т. маркалы азот қышқылын 120 °С.температурада айдау керек. Айдалынып келінген азот қышқылы 10,0 моль/дм^3 көп емес концентрациялы болуы керек. Айдалынып келінген азот қышқылы 6 айдан көп емес кварцталған ыдыста сақталынуы керек.

8.5 Электродтарды дайындау.

8.5.1 Салыстыру электродтарын жұмысқа дайындау.

Салыстыру электродын хлорлы калий ерітіндісімен толтырып, тесігін тығынмен жауып, потенциалдың тепе-теңдік белгісін орнату үшін 48 сағат ұстайды.

8.5.2 Индикаторлы электродты жұмысқа дайындау.

ИВ-өлшемінің (10.1; 10.2; 10.3) қолданылатын әр әдісі үшін индикаторлы электродты дайындауды, (8.5.2.1; 8.5.2.2; 8.5.2.3) әдістердің біреуімен жүргізеді.

8.5.2.1 Индикаторлы сынапты-қабыршақты электродты дайындау.

Индикаторлы-қабыршақты электрод, диаметрі 0,8 мм, ұзындығы 5-7 мм, ауданы шамамен 0,2 см^3 күміс сыммен тығыздалған фторопластты серіппе. Электродты жұмысқа дайындау үшін, күміс бетіне қалыңдығы 10-20 мкм сынап қабыршағын жағады. Сынапты жағуды, электрод үстінің (күміс сым) жұмыс істейтін бөлігін 1-2 с. металлдық сынапқа батыру жолымен жүргізеді, ал одан соң күміске толық жағылуы үшін оны сүзгіш қағазбен сүртеді. Электродты екі рет тазартылған сумен жуады. Электродтың бетіне сынапты жағу процедурасын қажеттілікке байланысты қаталайды, мысалы, электрод бетінде ақаулардың пайда болуында.

Талдауды жүргізіп болған соң электродты екі рет тазартылған сумен жуады және екі рет тазартылған суы бар стақанда сақтайды.

Индикаторлы сынапты-қабыршақты электродты дайындауда, сынаппен жұмыс істеудегі техника қауіпсіздігін қадағалау қажет:

- металлдық сынапты (1,0 см^3 көп емес) қалың қабырғалы склянкада орналасқан су астындағы бюксте сақтау керек;
- сынаппен жұмыс істеу және оны сорып алатын шкафта сақтау керек;
- жинау құралдары мен сынапты бейтараптандыру қажет (амальгамдалған мыс пластинкасы, хлорлы темір ерітіндісі).

8.5.2.2 Индикаторлы графитті электродтың үстін дайындау

Жұмыс алдында күніне 1 рет электродтың дөңбек төселген бетін 40 мкм түйіршікті, тегістелген теріде, одан соң 20-28 мкм түйіршікті тегістелген, мата, эльборлы теріде өңдейді

Электродты одан кейін:

- екі рет тазартылған сумен шайып, сүзгіш қағазбен кептіреді;
- 2-3 мкм түйіршікті тегістелген мата теріде жылтыратады;

- екі рет тазартылған сумен жуып, жұмсақ қағаз майлықпен сүртеді;
- күлсізденген сүзгіде айнадай етіп жылтыратады. (көк лента);
- 0,1 моль/дм^3 жалпы концентрациялы тұз қышқылымен, одан кейін екі рет тазартылған сумен жуады.

Талдауды жүргізіп болғаннан кейін, келесі электродтың дөңбек төселген бетін ерітіндіге салуды, жоғарыда көрсетілген әдіс бойынша дайындайды.

8.5.2.3 Индикаторлы шыны көміртекті электродының үстіңгі бетін дайындау

Жұмыс алдында, күніне бір рет электродтың дөңбек төселген бетін этил спиртімен бүркелген сүзгіш қағазбен сүртеді.

Индикаторлы шыны көміртекті электродтың сезімталдығы төмендеген жағдайда:

- сынаптың өңделген қабыршағын алып тастайды;
- 2-3 мкм түйіршікті тегістелген мата эльборлы терідегі электродтың дөңбек төселген бетін жылтыратады;
- тазартылған сумен жуады;
- АСМ-2,3 алмаз пастасымен электродтың дөңбек бетін айнадай етіп жылтыратады;
- пастаның ізін кетіру үшін электродты этил спиртімен сүртеді;
- тазартылған сумен жуады.

Талдауды жүргізіп болғаннан кейін, келесі электродтың дөңбек төселген бетін ерітіндіге салар алдында, өңделген сынаптың қабыршағын алу үшін құрғақ сүзгіш қағазбен сүртіп, оны сынап тұздарына арналған қалдықтар жиынтығына орналастырады.

9 Сынауларды ИВ - өлшемдерге дайындау

Тамақ өнімдері мен өндірістік шикізаттардың сынауларын талдау үшін, бірыңғай уақытта екі жанама және бір шолақ (бақылау) сынауды немесе екі жанама және бір резервті сынауды қолданады.

Талданатын нысандардың сынауларын ИВ-өлшемдерге дайындау, талдау әдісіне байланысты (10.1-10.3) ұсынылған әдістердің (9.1-9.3) біреуімен жүргізіледі.

I әдіс бойынша сынауларды дайындау, азот қышқылын және құрғақ күлдеу алдындағы сутек пероксидін қосумен, бақылаудағы температуралық тәртіптемедегі электр пешіндегі тағамдар мен шикізат сынауларын жандыру жолымен органикалық заттардың толық бұзылуына негізделген. Күлдің бұзылуын екі рет тазартылған суда немесе тұз қышқылының ерітіндісінде жүргізеді (ө.т.). Әдіс, 1 кестеге сәйкес сынаулар көлемін немесе минималды нақты мөлшерді қолданып шикізат өнімдерінің барлық түріне арналған. Әдіс 9.1 ұсынылған.

Сынау дайындықтарының II және III әдістері, 1 кестеге сәйкес сынаулар көлемі немесе нақты мөлшерді қолдана отырып күл тұнбасын алумен ГОСТ 26929 бойынша минералдауды жүргізуге негізделген. Әрі қарай күл тұнбасының бұзылуы, тұз қышқылы (ө.т.) мен хлорлы натрий (II әдіс) қоспасында немесе тұз қышқылында (III әдіс) жүргізіледі. II әдіс осы стандарттың 9.2 ұсынылған, ал III әдіс 9.3 ұсынылған.

Сынаулардың қышқылдық бұзылуы үшін микротолқынды пештер немесе автоклавтарды қолдануға болады.

Көкөніс, жеміс шырындарын, шараптар, конъяктар, алкогольсыз сусындар сынауларын жедел-талдауда, алдын-ала ерітеді, қажет болған жағдайда центрифугалайды (тұнбаның барында), тұз және құмырсқа қышқылын қосады да, металдардың тұрақты емес жинақтарын бұзу үшін фотохимиялық өңдеумен аяқтайды.

9.1 I әдіс бойынша сынауларды дайындау

Сынауларды дайындау әдісі, тамақ өнімдері мен өндірістік шикізат сынауындағы, темір ыдысқа салынған, сүрленген тамақ өнімдеріндегі қорғасынның жалпы концентрациясын анықтаудан басқа, кадмийдің, мыстың, мырыштың, қорғасынның жалпы концентрациясын анықтау үшін қолданылады.

Тамақ өнімдері мен өндірістік шикізат сынауларын дайындау әдісі, минералдауды «сулы» және «құрғақ» күлдеу үйлесімділігі жолымен жүргізуге негізделген. Азот қышқылы мен сутек пероксидінің көмегімен «сулы» әдісін минералдау, органикалық матрицаны тиімді тотықтыруға жол береді, сонымен қатар, «құрғақ» минералдаудағы металл хлоридінің ұшып кетпеуінің алдын-алу үшін, ерітіндіден хлорид ионын алып тастау керек. Әдіс, нысанның барлық үш топтарына жарамды (1 кестеге қара).

Қатты тағамдарды (жарма, ет, балық және олардың өңделген өнімдері) талдау кезінде сынауларды алдын-ала гомогенизациялайды. Гомогенизация әдістері, сынауларды іріктеу әдісіндегі нормативтік құжаттарда көрсетілген (осы стандарттың 8.1 қара).

9.1.1 Барлық үш топтың тағамдарының сынауларын ИВ-өлшемге дайындау 15,0 - 20,0 $см^3$ сыйымдылықты таза кварцті фарфор стақанша немесе кварцті тигельге, I әдіс үшін 1кестеде келтірілген деректерге сәйкес үш топтың ішіндегі тағамдардың талданатын сынауының көлемін немесе нақты мөлшерді орналастырады. Сынаудың нақты мөлшерін 0,001 г дейін таразылайды; көлемді пипеткамен нақты 0,01 $см^3$ дейін өлшейді.

Сынаудың құрғақ нақты мөлшерін толық суланғанша екі рет тазартылған сумен сулайды.

Алкогольді және алкогольсыз сусындардың бастапқы көлемін, сынаудың шашырауына жол бермей, 100 - 130 °С температурада сусынның сынауын буландыру көмегімен 2-3 есе төмендетеді.

Одан әрі 2,5 - 3,0 $см^3$ айдалынып келінген азот қышқылын қосы

отырып сынауды өңдейді. Сынағы бар стақаншаны (тигель) сулы тұнбаға дейін 120 дан 150 °С дейінгі температурада электр плитада жылытады. 1,5 - 2,0 $см^3$ азот қышқылы мен 1,0 - 1,5 $см^3$ сутек пероксидін қосы отырып сынауды қайта өңдейді. Стақаншаны (тигель) (300±25) °С температурада муфельді пешке орнатып, бірте-бірте (0,5 - 1,0 с аралығында) температураны (450±25) °С жоғарылатады; 30 мин ұстайды. Күл пайда болған стақаншаны (тигель) муфелден алып тастайды.

Егер күлде көмір қоспалары болса, онда (0,5 $см^3$) сутек пероксиді қосылған (0,5 $см^3$) азот қышқылымен сынауды қайталайды. Сынауы бар стақаншаны қайтадан муфелді пешке орнатып 20-25 минут аралығында 450 °С температурада ұстайды. Астық үшін 500 °С минералдауға жол беріледі. Стақаншаны муфельден алып тастайды.

Егер күл біріңғай ақ, сұр немесе сарғылт түсті болса, күлі бар стақаншаны бөлме температурасына дейін салқындатады. 60-80° температураға дейінгі араластыру мен жылыту кезіндегі 6,0 моль/$дм^3$ концентрациялы 1,0 $см^3$ тұз қышқылында тұнбаны ерітеді. Сынауды 100-120° температурада ылғалды тұзға дейін буландырады (қатты кептірмейді) және 10,0 $см^3$ екі рет тазартылған су (сүттен басқа сұйық тағамдар талдауында) немесе фонды ерітінді (қатты және сүт тағамдары талдауында) қосады.

Алынған минерализаттан ($V_{мин}$ = 10,0 $см^3$) ИВ-өлшем үшін сәйкес көлемнің аликвотасы ($V_{ал}$) таңдап алынады. Аликвоты көлемі сынаудағы элемент құрамына тәуелді және 0,2 - 1,0 $см^3$ тең.

Алкогольді және алкогольсыз сусындарды талдау кезінде ИВ-өлшем үшін минерализаттың жалпы көлемі жиі алынады. Бұл жағдайда $V_{ал} = V_{мин.}$

9.1.2 Жедел талдауды жүргізу үшін нысандардың үшінші тобының сынауларын дайындау (коньяктар, жемістен жасалған мықты және жүзім шараптары, минералды сулар, спирт, арақ, шампан шараптары).

Бұл нысандардың сынауларын дайындау былай жүргізіледі:

Егер сынауда өлшем мен тұнба бар болса, сынауды мөлдір центрифуга алғанша центрифугалайды. Шампан шараптарын дегазирлейді.

Таза кварцті стақаншаға пипетканың көмегімен 10,0 $см^3$ екі рет тазартылған суды орнатады, талданатын сынауды 0,2 ден 1,0 $см^3$, дейінгі көлемде қосады және 0,05 - 0,1 $см^3$ құмырсқа қышқылын қосады. Бұл жағдайда $V_{мин} = V_{ал}$. Сынауы бар стақаншаны, органикалық заттарды құрту мақсатында УФ-өңдеуге жібереді.

Егер талдаудың алынған нәтижелері, сынаудағы элемент құрамы 0,3 ПДК асып кеткенін көрсетсе, онда 9.1. бойынша дайын сынауды қолдана отырып сынауды талдауды қайталау қажет.

9.2 II әдіс бойынша сынауларды дайындау

Талданатын нысандардың сынауын дайындауды (тамақ өнімдері мен өндірістік шикізат) ГОСТ 26929 бойынша минералдау жолымен жүргізеді. Сынауды ерітіндіге аударуды өлшем күні жүргізеді. Мұнда ИВ-өлшемдерге

ерітіндіні осы бір әдістердің біреуімен дайындайды:

9.2.1 Тамақ өнімдері мен өндірістік шикізат сынауларының сыналатын ерітінділерін, қорғасын, мыс, кадмий, сынап құрамын талдауға дайындау (темір ыдысқа бөлшектеніп салынған сүрленген тамақ өнімдеріндегі қорғасынның құрамын анықтаудан басқа)

ГОСТ 26929 бойынша сынауларды минералдаудан кейінгі бөлме температурасына дейінгі салқындатылып алынған ақ-сұр түсті құрғақ күлге 6,0 моль/дм³ жалпы концентрациялы 1,0 см³ тұз қышқылын құяды. Сынау толық ерігенге дейін суспензияны шыны таяқшамен араластырады және фарфорлы тостағанда 5-15 минут аралығында ұстайды. Одан әрі ерітіндіні мөлшерлеп 50,0 см³ сыйымдылықты өлшегіш шыны сауытқа ауыстырады, 3,5 моль/дм³ жалпы концентрациялы 2,0 см³ натрий хлоридінің ерітіндісін қосады және шамамен 45,0 см³ көлеміне дейін екі рет тазартылған сумен сұйылтады. Универсалды индикаторлы қағаздың көмегімен ерітіндінің алынған pH деңгейін өлшеп, тұз қышқылының сұйытылған ерітіндісін немесе натрий гидрототығын құя отырып, оның қышқылдылығын pH дейін жеткізеді. Ерітінді көлемін екі рет тазартылған сумен шыны сауыттағы белгіге дейін жеткізеді. Ерітілген сынауды 8-10 сағат аралығында сақтайды.

9.2.2 Қайнатылған тұз талдауы

Қайнатылған тұзды талдау кезінде сынауды минералдау жүргізілмейді.

Аналитикалық таразыларда, химиялық стақанмен (1,000 ±0,002) г қайнатылған тұзды өлшейді, нақты өлшемді екі рет тазартылған суда ерітеді. Ерітіндіні мөлшерлеп, 50,0 см³ сыйымдылықты өлшегіш шыны сауытқа ауыстырып, 1,0 моль/дм³ жалпы концентрациялы 2,0 см³ тұз қышқылын қосады, екі рет тазартылған сумен белгіге дейін жеткізеді және мұқият араластырады

9.2.3 Темір ыдысқа бөлшектеніп салынған сүрленген тамақ өнімдерінің сынау ерітінділеріндегі қорғасын құрамын талдауға дайындау.

ГОСТ 26929 бойынша сынауларды минералдаудан кейінгі бөлме температурасына дейінгі салқындатылып алынған ақ-сұр түсті құрғақ күлді фарфорлы тигельде сұйытылған (1:2) азот қышқылымен 5,0 см³ су моншасында жылыта отырып ерітеді. Ерітіндіні сулы тұзға дейін буландырады. Тигельдегі тұнбаға 2,0 см³ сұйытылған хлор қышқылын (1:1) қосады және 5 минут аралығында су моншасында жылытады. Ерітіндіні салқындатып, мөлшерлеп 50,0 см³ сыйымдылықты шыны сауытқа ауыстырып, 10,0 см³ сұйытылған хлор қышқылын (1:1) қосады. Ерітінді көлемін екі рет тазартылған сумен шыны сауыттағы белгіге дейін жеткізеді. Ерітілген сынауды 8 сағат аралығында сақтайды..

9.3 III әдісі бойынша сынауларды дайындау

Кадмий, мыс, қорғасын, мырыш иондарының концентрациясын анықтауды талдау үшін шикізат пен тамақ өнімдерінің сынауларын дайындауды ГОСТ 26929 бойынша құрғақ минералдау әдісімен жүргізеді

(темір ыдысқа бөлшектеніп салынған сүрленген тамақ өнімдеріндегі қорғасынның құрамын анықтаудан басқа).

Алынған күлді 0,4 моль/дм^3 жалпы концентрациялы тұз қышқылының минималды көлемінде ерітеді, 25,0 см^3 сыйымдылықты шыны сауытқа ауыстырады, 2,5 см^3 фонды ерітіндіні қосады. Ерітінді көлемін екі рет тазартылған сумен шыны сауыттағы белгіге дейін жеткізеді.

Электролизерге енгізілген сынаудың аликвота көлемі төменде көрсетілген:

- 2,0 см^3 жемістер, көкөністер және олардың өңделген өнімдері;
- 2,0 см^3 Cd және Pb үшін; 0,1 см^3 Cu ет және оның өңделген өнімдері үшін;
- 2,0 см^3 жұмыртқа, желатин, астық және оның өңделген өнімдері;
- 5,0 см^3 майлар, балық және өңделген өнімдер;
- 1,0 см^3 кондитерлік бұйымдар;
- 5,0 см^3 сүт және сүт өнімдері;
- 3,0 см^3 шарап жасау өнімдері.

9.4 Бақылау сынауын дайындау

Бақылау сынауын дайындауды 9.1-9.3 бойынша, орнына екі рет тазартылған суды қолдана отырып, талданатын нысанның сынауынсыз, сол көлемдегі сәйкес реактивтерді құя отырып жүргізеді.

10 Өлшемдерді жүргізу

Өндірістік шикізат пен тамақ өнімдеріндегі ИВ-өлшемге сынау дайындаудан кейінгі құрамындағы улы элементтерді талдау кезіндегі инверсті-вольтамперметрлік өлшемдерді, 10.1; 10.2 немесе 10.3 сәйкес (I, II, III) әдістерінің ішіндегі біреуі бойынша 7.1.1 көрсетілген түрлі индикаторлы электродты, аспапты қолданып жүргізеді.

Тікелей талданатын сынаулардың өлшемдерін орындаудың алдында электр химиялық ұяшықтарды тазалыққа тексеру сатысы бар.

Электр химиялық ұяшықтарды тазалыққа тексеру

Электр химиялық ұяшықтарды тазалыққа тексеруді (стақаншаларды, фонды ерітінді және электродты), нақты электр химиялық ұяшықтағы қолданыстағы фонды ерітіндімен стақанды екі рет тазартылған сумен және фонды электролитпен бірнеше рет шайғаннан кейінгі вольтамперограмма жолымен жүргізеді.

Реактивтер, электродтар, ыдыстың тазалығының қолайлы сапалары, ізделіп отырған шамалар анықтамасына арналған қосымша көрсетілген шарттардағы (4×10^{-9} А/мм аспабының сезімталдылығындағы 5 мм кем емес) нөлге тең немесе жақын фонды ерітіндідегі элементтердің аналитикалық дабылдары болғаны.

9.1 сәйкес I әдіс бойынша дайындалған ИВ-өлшемдер сынауларын 10.1

сәйкес ИВ-өлшем I әдіс бойынша; 9.2 сәйкес, II әдіс бойынша; 10.2 сәйкес, II әдісі бойынша; 9.3 сәйкес, III әдісі бойынша; 10.3 сәйкес, III әдісі бойынша жүргізеді. ИВ-өлшемдерінің әр әдісі жүйелілігімен және оны жүргізу шарттарымен, бақылау нормативтерімен ерекшеленеді (7 кестені қара).

10.1 Сынапты-қабыршақты электродты және универсалды полярографты немесе вольтамперметрлік анализаторларды қолданып өлшемдерді орындау (СТА, ТА-1 типті немесе ұқсас) I әдіс.

Аспаптар жұмысының келесі тәртіптемесі орнатылған:

- өлшемдердің екі электродты жүйесі;
- вольтамперограмманы тіркеудегі тұрақты токты немесе ауыспалы токты тәртіптеме
- элементтерді электр жинақтағышы үшін поляризациялаушы кернеу: минус 1,4 В;
- вольтамперограмманы тіркеудің бастапқы потенциалы: минус 1,2 В;
- оралымның соңғы кернеуі: плюс 0,05 В;
- потенциалдың сызықтық өзгеру жылдамдығы:50 ден 100 мВ/с дейін;
- вольтамперограмманы тіркеудегі аспаптың сезімталдылығы: 4×10^{-9} - 8×10^{-7} А/мм (талданатын сынаудағы элементтердің құрамына тәуелділігі);
- электролиз уақыты: 10 нан 180 дейін (анықталатын концентрациялардың диапазонына тәуелділігі).

Электрохимиялық ұяшықтарды тазалыққа тексеру.

10.1.1 Параллельді талданатын сынаулардың әрқайсысына және бірыңғай шарттағы бақылау сынауларына ИВ-өлшемдер жүргізеді.

Ол үшін фонды ерітіндісі бар стақанға өлшегіш пипеткамен 9.1.1 - 9.1.2 бойынша дайындалған талданатын сынаудың аликвотасын енгізеді. Талданатын ерітіндісі бар стақанды электрохимиялық ұяшыққа орнатады. Ерітіндіге индикаторлы электрод (катод) және салыстыру электродын (анод) салады. Аспапқа индикаторлы электрод пен салыстыру электродын қосады. Аспаптың сезімталдылығын және 3 кестеге сәйкес алдын-ала жинақтау уақытын орнатады. Инертті газдың өткізуі немесе 180-300 с аралығындағы талданатын ерітіндінің УФ-сәулеге түсіруін қосады.

Ерітіндіні араластырудағы берілген полярографтың сезімталдылығын 120 с аралығында минус 1,4 В жинақтау потенциалындағы дайындалған сынаудың ерітіндісінен элементтердің алдын-ала электр жинағыш үрдісін жүргізеді. Алдын-ала жинақтау аяқталғаннан кейін газды сөндіріп, 5-10 с кейін минус 1,2 ден плюс 0,05 В дейінгі потенциал диапазонындағы вольтамперограмманы тіркейді. Сонымен қатар, вольтамперограммада анықталатын элементтердің аналитикалық дабылдарын тіркейді, потенциалдағы максимум анод токтарын, (-0,90±0,05) В мыс үшін; (-0,60 ± 0,05) В кадмий үшін; (- 0,40 ± 0,05) В қорғасын үшін және (-0,10 ± 0,05) В мырыш үшін.

Егер вольтамперограммада элементтің аналитикалық дабылы (анод

шыңының ұзындығы) 200 мм асып кетсе, онда аспаптың сезімталдылығын немесе жинақтау уақытын төмендетеді. Егер элементтердің анод шыңдарының ұзындығы 5 мм кем болса, онда аспап сезімталдылығын немесе алдын-ала жинақтау уақытын ұлғайтады.

Барлық төрт элементтердің (Zn, Cd, Pb, Cu) аналитикалық дабылдарын тіркеуді бірыңғай жүргізеді, егер олар масштабты-үйлестіретін парақ пен компьютер экранының шегінен шықпаса. Кері жағдайда, аналитикалық дабылдарды тіркеуді және аналитикалық дабылдары төмен белгілерімен элементтердің жалпы концентрациясын анықтауды жүргізеді, әрі қарай аспап сезімталдылығын төмендетеді және қалған элементтер үшін операцияларды қайталайды.

Электр жинақтау және вольтамперограмманы тіркеу бойынша операцияларды таңдалған шарттарда үш рет қайталайды.

Талданатын ерітіндідегі анықталатын элементтердің анодтық шыңының биіктігін өлшейді.

